

## Астана қаласында "Астана-Бәйтерек" монументін орнату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 27 сәуір N 569

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Астана қаласында "Астана-Бәйтерек" монументін орнату туралы (бұдан әрі - Монумент) Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі мемлекеттік комиссияның ұсынысына келісім берілсін.

2. Монументке тапсырыс беруші болып Қазақстан Республикасы

Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) белгіленсін.

3. Астана қаласының әкімі:

1) Тапсырыс берушімен келісім бойынша құрылыс кезеңінде монументті орнатуға жер учаскесін бөлуді;

2) Монументті орнату жұмыстары басталғанға дейін инженерлік желілерді: сумен жабдықтау, кәріз, энергиямен жабдықтау және телефон тарту жұмыстарын орындауды;

3) Монументті орнату аяқталғаннан кейін маңындағы аумақты көркейту жөніндегі жұмыстар жүргізілуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.